

Қостанай облысы Әуликөл ауданы Первомай ауылының аумағында "Ауле-Би" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, "Ауле-Би 1" жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерінің мал шаруашылығы кешені аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Қостанай облысы Әуликөл ауданы Первомай ауылы әкімінің 2016 жылғы 7 қазандағы № 2 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 19 қазанда № 6656 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Әуликөл ауданы Первомай селосы әкімінің 2017 жылғы 11 сәуірдегі № 2 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Әуликөл ауданы Первомай селосы әкімінің 11.04.2017 № 2 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 16.03.2017 бастап туындаған қатынастарға таратылады).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына, "Ветеринария туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-1 бабы 7 тармақшасына сәйкес және Әуликөл ауданының "Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Әуликөл аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің басшысының 2016 жылғы 3 тамыздағы № 270, 271 ұсынысы негізінде Первомай ауылының әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қостанай облысы Әуликөл ауданының Первомай ауылына жақын орналасқан "Ауле-Би" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, "Ауле-Би 1" жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерінің мал шаруашылығының кешені аумағында ірі қарамалдың бруцеллез ауруының пайда болуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. "Әуликөл ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша), "Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Әуликөл аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша), "Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Қостанай облысы тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің Әуликөл аудандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау

басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) анықталған эпизоотиялық ошақта ветеринариялық-санитариялық қолайлы жағдайға қол жеткізуге қажетті ветеринариялық-санитариялық іс-шаралар жүргізу ұсынылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Д. Тлемісов*

"Әуликөл ауданы әкімдігінің  
ветеринария бөлімі"  
мемлекеттік мекемесі басшысының  
міндетін атқарушы

\_\_\_\_\_ Туралин С. Ж.

"Қазақстан Республикасы Ауыл  
шаруашылығы министрлігі  
Ветеринариялық бақылау және  
қадағалау комитетінің Әуликөл  
аудандық аумақтық инспекциясы"  
мемлекеттік мекемесінің басшысы

\_\_\_\_\_ Тайшибаев А. Т.

"Қазақстан Республикасы Ұлттық  
экономика министрлігі  
Тұтынушылардың құқықтарын  
қорғау комитетінің Қостанай облысы  
тұтынушылардың құқықтарын қорғау  
департаментінің Әуликөл аудандық  
тұтынушылардың құқықтарын қорғау  
басқармасы" республикалық  
мемлекеттік мекемесінің басшысы

\_\_\_\_\_ Дуйсенов Е. Г.